Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің газеті

ABAI UNIVERSITY



Ахмет Байтұрсынұлы орталығы 2 бет




Дін тану мектебінің негізін қалаушы 3 бет



Өз таңдауыңды жаса, талапкер - 2022 ! 4 бет



ABAI UNIVERSITY №05 (218) мамыр май 2022

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні!

# БЕРЕКЕ БАСТАУЫ – БІРЛІКТЕ

**Абай университетіндің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Береке бастауы - бірлік» этнофестивалін ұйымдастырды. Іс-шараны құттықтау сөзімен әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шыңғыс Нұрланов ашты. Содан кейін құрметті қонақ - «Ариана» ауған орталығының төрағасы Ахмадулла Васток еліміздің барлық азаматтарына жылы лебізін білдірді.**




Өзге ұлт өкілдеріне алғысын білдіре отырып, Математика, физика және информатика институтының студенттері Әйгерім Демисенова, Нұрай Қажа, Филология институтының "Қазақ тілі мен әдебиеті" мамандығының студенті Әлішер Маратұлы, осы оқу орнының студенттері Аружан Иосифова, Қаламқас Берікбай, Әлішер Жарылқапов және Махаббат Тоқтар өнер көрсетті. Шетел азаматтары мен жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің Корей, Қытай, Мысыр, Филиппин, түрікмен, Араб ұлттарының студент жастары «Бізді Қазақстан біріктірді» композициясымен өнер көрсетті. Сахнада «Аққербез» топтары қазақтың «Шаттық» биімен, «Весенняя капель» топтары орыс кадрилымен, «Руми» топтары өзбектің «Хорезм», «Арзу» топтары ұйғырдың «Бахар уссули», «Ситора» топтары тәжіктің «Бале - бале» биімен өнер көрсетті.

Еліміздің басты мерекелерінің бірімен құттықтап - Орыс мәдениеті орталығының өкілдері «Чирибим», корей биі - «Лотос. Восход гүлі» («Flower dance» би ұжымы), Африка Достық үйінің орталығы - «Барабандар» нөмірімен, Алматы қаласының Әзірбайжан ассоциациясының атынан "Бахар" ансамблі «Назэлеме» және «Лизгинка» халық билерін орындаса, ұйғыр халқының атынан П.Чайковский музыкалық колледждің «Сардар» ансамблі өз шығармашылығымен қуантты. Кәсіби әнші Қалбинұр Аруп «Гүлбақка» әнімен де ешкімді бей-жай қалдырмады.

Этнофестиваль барысын талқылау мақсатында ҚХА кафедрасының меңгерушісі қонақтарды әр ұлттың түрлі ұлттық тағамдары әзірленген дастарханға шақырды.

**Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы**

ФОРУМ

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

**Алматыда Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындары ректорларының Форумы өтті. Өңірлік іс-шараға Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан білім министрліктерінің, Болон процесінің бақылау тобының (BFUG) өкілдері Линда Пустина, Энн Катрин Айзэкс, Жоғары білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Еуропалық тізілімнің (EQAR) директоры Колин Тук, EUA президенті Майкл Мерфи, ҚР-дағы Эразмус+ бағдарламасының Ұлттық кеңсесінің және аккредиттеу органдарының мамандары қатысты. Абай университетінен ректор Дархан Біләлов, проректорлар Ақтолқын Құлсариева және Клара Исакова қатысты.**



Мақсат - Орталық Азиядағы университеттер арасындағы аймақтық ынтымақтастықты кеңейту. Ұйымдастырушылар - ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті; ҚР ЖОО қауымдастығы; ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазҰҚПУ, Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ.

Форум аясында шетелдік және отандық сарапшылар мен ғалымдардың қатысуымен конференциялар, брифингтер мен баспасөз конференциялары, келіссөздер мен кездесулер, дөңгелек үстелдер мен презентациялар, тренингтер мен семинарлар өткізілді.

Форумда жоғары оқу орындардың жаһандық бәсекеге қабілеттілігі; жоғары білімнің цифрлық трансформациясы; Орталық Азия елдеріндегі қызметкерлердің, студенттердің, білім беру бағдарламаларының және зерттеулердің интеграциясы және ұтқырлығы мәселелері талқыланды.

«Жаһандық бәсекеге қабілеттілік, жоғары оқу орындары қызметкерлері мен студенттерінің ұтқырлығы» тақырыптық сессиясында Abai University ректоры баяндама жасады. Қазақстан Республикасындағы педагогикалық білім беру көшбасшысының қызметі, еліміздегі және әлемдегі жетістіктері туралы айтып, жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігіне тоқталды. «Педагогикалық университеттің бәсекеге қабілеттілігінің бірқатар ерекшеліктері бар. Ең алдымен, ішкі және сыртқы еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын, салалық қызметтің теориялық және практикалық бөлігінде педагогикалық инновацияларды дамытып, енгізетін, жаңа білімді түрлендіруге және генерациялауға қабілетті педагогикалық кадрларды даярлауы керек. Кәсіби құзыреттілік болашақ мұғалім жұмысының негізі мен мәні болуы керек. Сонымен қатар, педагог кадрлардың әдістемелік бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру маңызды», - деп атап өтті Дархан Біләлов.

Форум соңында біздің және өңірдің басқа да елдерінің жоғары оқу орындары арасында екіжақты келісімдерге қол қойылды.

Жиынға қатысушылар бірауыздан іс-шара нәтижелі болғандығын және оның тиімділігі жоғары болатынын айтты.

***Қоғаммен байланыс департаменті***

9 мамыр - Жеңіс күні!



## ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер және білім алушылар! Сіздерді Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл - бізге бейбітшілік пен ашық аспан сыйлаған халқымыздың жанқиярлық ерлігінің күні. Бүгінде бұл мереке - тәуелсіздіктің биік шыңы да, еліміздің өркендеуі де. Біз әкелеріміз бен аталарымыздың ерлігін әрқашан есте ұстауымыз керек. Олардың қайсарлығының, табандылығының арқасында біз бейбіт заманда өмір сүріп, қазақстандықтардың жаңа ұрпақтары үшін жарқын болашаққа жол аштық.

Аға буын әкелген жеңіс бүгінде бізді жаңа жетістіктерге жетелейді, жанымызға қуат беріп, қиындықтарды еңсеруге, алға ұмтылуға көмектеседі. Бүгінгі жастарды қымбатты ардагерлерімізге құрметпен қарауға, оларға қамқорлық жасауға шақырғым келеді.

**Құрметті ардагерлер!**

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, ұзақ өмір, жылулық, жақын адамдарыңыздың қамқорлығы мен ықыласы, ал отбасыларыңызға - жақсылық пен береке тілеймін!

Ұлы Отан соғысының қаһармандары мен тыл еңбеккерлерінің есімі ризашылыққа толы ұрпақтарының жүрегінде мәңгі сақталады. Отанымызды қорғау және оның өркендеуі үшін бірлесіп жұмыс істеу - барлық қазақстандықтар үшін аса маңызды міндет.

**Құрметпен, ректор Д.Біләлов**

# ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ



**Жеңіс күнінің қарсаңында Абай университетінің Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаменті мен қызметкерлер кәсіподағының қолдауымен Ардагерлерге қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.**

Іс-шара барысында Академиялық мәселелер жөніндегі проректор М.Бектемесов пен ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Әлмұхамбетов және Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы-ректордың кеңесшісі Ж.Ішпекбаевтың қатысуымен Мәлік Ғабдуллиннің тақтайшасына гүл шоқтары қойылды.

Ұлы Отан Соғысының, еңбек майданы және тыл ардагерлеріне, ауған соғысының ардагерлері және қауіптілігі жоғары аймақта қызмет атқарған сарбаздарға арнайы азық-түлік себеттері және ақшалай сыйақы табысталды.

СТУДЕНТ ПІКІРІ

## МЕН АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІН НЕ ҮШІН ТАҢДАДЫМ?

1. Барлық университеттердің қара шаңырағы Абай атамыздың атына аталып қойылған университетке түсу туралы ой-пікір менің бала кезімнен келе жатқан арманым болатын, соның ішінде қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін жаныма жақын қабылдап, осы шешімге тоқталдым.
2. Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университет менің өмірге деген көз қарасымды өзгертті. Аз ғана уақыт аралығында алған білімім мен тәжірибиемді сөзбен айтып жеткізе алмаймын . Бірақ соған қарамастан алатын білімім мен жететін жетістіктерім әлі де алда деп ойлаймын .
3. Университетіміздің үздік студенті атану мен үшін үлкен құрмет . Үздік студент атану себебімнің бірден бір дәлелі спорттық жарыстар мен мәдени ісшараларға ат салысып белсенділік танытуымның арқасы деп білемін . Белсенділігім мен жауапкершілігім үздік атану жолындағы қос қанатым !
4. Еліміздегі ең бірінші педагогикалық университеттен алған білімім мен тәжірибиемді болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында қолданамын . Жас ұрпақ Еліміздің тірегі , еліміздің болашағы !
5. Жас түлектерге беретін кеңесім, армандарыңызға жетіп, үлкен өмірде күтіп тұрған биік шыңдарды бағындыруларыңызға тілектеспін! Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университет сіздің болашақтан кетігін тауып кірпіш болып қалануыңызға зор үлесін қосуға шақырады !

**Арман ӨСКЕНБАЙ,**
**филология институтының студенті**

ABAI UNIVERSITY

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ
## АТЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

**Абай атындағы ҚазҰПУ-да көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған ғылыми-әдістемелік орталықтың ашылу салтанаты өтті. Ахмет Байтұрсынұлын Ұлт ұстазы деп атағаны кездейсоқ емес. Аталған іс-шараның ұйымдастырушысы Абай атындағы ҚазҰПУ Филология институты.**



Ашылу салтанатына университет ректоры Дархан Біләлов, белгілі қоғам және саяси қайраткер, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменов, А. Байтұрсыновтың жиені - Айман Байсалова, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, А. Байтұрсынұлы музей-үйі мен БАҚ өкілдері, белгілі ғалымдар, мәдениет және өнер қайраткерлері, университеттің оқытушылары мен студент жастары қатысты.

Іс-шара барысында А.Байтұрсынұлының музей-үйінің басшылығы жаңа Орталыққа Алаш қайраткерінің 6 томдық шығармалар жинағын және басқа да кітаптарды табыс етті.

Дархан Біләлов Абай университетін осындай айтулы оқиғамен құттықтап, орталықты ашудың маңыздылығына тоқталды. «Халқымыздың рухани көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Абай университетінің ұжымы үшін Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш қайраткерлерінің есімдері қашанда ардақты. Олардың құнды мұрасын өскелең ұрпақтың санасына сіңіру аса маңызды. Бұл болашақ мамандардың бойында отансүйгіштік пен ұлтқа адалдықты қалыптастыруға қызмет етеді. Ұлт ұстазы қалыптастырған білім беру дәстүрі осы орталықта заманауи талаптармен қайта жалғасын табады деп ойлаймын», - дед олі.

Олжас Сүлейменов Ахмет Байтұрсынұлының білім және ғылым саласындағы қызметі туралы айта келе, Қазақстан тарихына, оның қайраткерлеріне, ұлы тұлғаларына, зиялы қауымға деген құрмет қажеттігін атап өтті.

Осы шара аясында «Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы және ұлттық құндылықтар» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының мүшелері Нұртөре Жүсіп пен Жанарбек Әшімжан, Түркия Республикасының Бас консулы Али Ырза Акынджы, Неймеген Радбауд университетінің профессоры Роберт Эрмерс (Нидерланды Корольдігі), Помор академиясының ректоры Збигнев Осадовский (Польша), шетелдік және отандық жоғары оқу орындарының ғалымдары, «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясының қоюшы режиссері Мұрат Есжан, белгілі актер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, телехикаяда Ахметтің рөлін сомдаған Байғали Есеналиев қатысты.

Конференция барысында қазіргі филологияның өзекті мәселелері тарих призмасы арқылы талқыланып, Алаш партиясы көсемдерінің мұрасы: тіл, руханият, оқыту әдістемесі; Ахмет Байтұрсынұлы шығармасындағы шығыстану, аударма мәселелері; педагогикалық мұраның сабақтастығы және қазіргі білім беру принциптері мәселелері қаралды. Конференция жоғары деңгейде өтіп, барлық қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

***Қоғаммен байланыс департаменті***

ІЛТИПАТ

# ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗЫН АҚТАҒАН ТҰЛҒА

*Президенттің жүгі қашанда ауыр – білеміз,*
*перзенттік парыз одан жеңіл деп кім айтты ?!.*
**Қадыр Мырза Әлі**

«Барыстың» Магнитогорскінің «Металлургімен» плей-оффтағы бірінші матчын хоккей жанкүйері ретінде карауға қанша құмартсам да, Ерлан ағайдың: «Ахмет Байтұрсынов туралы телехикаяны қарап, ойларыңды түйіндеп келерсіңдер» деген тапсырмасын «алдыңғы шепке» шығарып фильмді бастан аяқ қарап шықтым. «Темірді қызған кезде соқ» деген тәсілді жадынан еш шығармайтын қазақтың баласы емеспіз бе, міне, түн ортасы ауған шақта қолыма қалам алып, жазу столында жападан жалғыз отырмын. Қасымдағы екі досымның тәтті ұйқының құшағында екенін білдіріп бірінің танауының пысылы мен екіншісінің ұйқы сұрап түсініксіз бірдеңелер айтып, тісін қайрайтыны соның айғағы. Тісін қайрайды демекші, ұлт ұстазы атанған ұлы тұлға Ахмет Байтұрсынұлының тағдырының ауыр өтуіне себепкер болған сол дәуірдегі қоғамға, сол қоғамдағы әумесерлерге телехикаяны көре отырып мен де қайрадым... Қарап отырсам, А.Байтұрсыновтың саналы өмірінің көп бөлігі толып жатқан күрестермен, қиыншылықтармен өтіпті-ау... Солай бола тұрса да ұлы тұлға мойымай, елі үшін талмай, қажымай, тынымсыз күресе білуіне таң қалдым.

Дәлелді пікірім: қайраткерлігімен қоса одан қолы босаған тұста ұдайы оқып - ізденіп, көркем әдебиеттен, тілтану және әдебиеттану ғылымымен шұғылдануы! Қудаланып жүрсе де осы уақытқа дейін құндылығын еш жоғалтпаған «Маса», «Қырық мысал», «Ер Сайын», «Әдебиет танытқыш» секілді кітаптарды жазуы үлкен ерлік дер едім. Орыс қаламгерлерінен аударма шығармалары қазақ тіл білімін алғаш қалыптастырушы ретіндегі еңбектерін қоссақ, ұлы ұстаздың жігері мен қайсарлығы психологиялық бітіміне тәнті болдық. Араб графикасын қазақ тілінде қолдану үшін төте жазуды енгізген ғұлама бабамыз Бакуде болған түрік танушылардың Бүкіл одақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама да жасаған. Халық ағарту саласында жасаған айтулы еңбектері - «Оқу құралы», «Тіл құралы» ересектердің сауатын ашуға арналған «Әліпби», «Жаңа әліпби» атты оқулықтары «Қырық мысал» кітабына енген шығармаларының көлемді бөлігі орыс әдебиетшілерінен аударылған дүниелерден тұратынын ескерсек және ол аудармалардың сюжеттік қаңқасы И.Крыловтікі болғанымен Ахмет Байтұрсыновтың рухани ұстанымы қазақи түсініктен астасып берілген. Кей мысалдарында кездесіп қалатын қозы, қымыз, қой - орыс ұғымына еш жуыса қоймайтын таза қазақи атрибуттар. Осы тұрғыда А.Байтұрсыновты түрколог ғалым деп те, қазақ әдебиетіндегі жазбаша мысал жанрын дамытушы деп баға беруге болмай ма? Қарап отырсақ ұлы ұстаздың сол аудармалары мектеп бағдарламасымен шектелмей, қалың қазаққа арнап елді білім алуға, жастарды ғылым жолына үгіттеуге, қараңғылық пен езгіге қарсы күресуге пайдаланғанын көреміз. Осы арада А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру» деген өлеңін мектеп қабырғасында («Маса» кітабы ішінде болуы керек) оқып, талдағанымыз жадыма түсіп отыр.

«Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап! Жуынып, киініңдер шап-шаңырақ. Шақырды тауық мана әлде қашан, Қарап тұр терезеден күн жылтырап». Баланы ойландырып, жаманнан жиреніп, жақсыны үйренуге баулу, соған үгіттеу емес пе? Немесе «Бастауышқа арналған» оқу құралын алайық, Шонанұлымен бірігіп жазған, 1928-жылы жарық көрген еңбегі туралы айтып отырмын. Ел әлі қараңғылықтың бұлтынан сейіле алмай жатқан кезде қоғамдық санаға әсер етіп, білім сәулесін шашу, ұлы тұлғаның ұлы ісі! Демек А.Байтұрсынұлы қазақ балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі десек те ол күмәнсіз шындық.

А.Байтұрсынов Ы.Алтынсариннен кейінгі ірі ағартушы – педагог, қазақ баспасөз тілінің ұлттық үлгісін көрсеткен публицист, қоғам қайраткері, ғалым - тілші тюрколог, ақын – аудармашы. Биыл А.Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толады. Сол себепті ЮНЕСКО көлемінде аталып өтпекші болып отыр екеміз. Бұл бағытта, ғылыми конференциялар, фестивальдар, конкурстар өткізіп, ұстаз еңбектерін қайта бастырып шығару, оның өмірі мен қызметі туралы спектакльдер қойып, фильмдер түсіру, түрік қаласы Анкара мен өзі оқыған Орынбор қаласында ұлы ұстазға ескерткіш орнату жоспарлануда екенін баспасөз беттерінен оқып, біліп отырмыз.

*Жеке пікірім:* А.Байтұрсыновқа өзі еңбек жолын бастаған қазіргі Ақтөбе облысының аумағынада ескерткіш қойылса. Президент Қ.Тоқаевтың «Бір тойдан ізгілікті із қалуы керек» деген әдемі сөзі бар. Өте дұрыс айтылған өрелі пайым. Соңғы түйіндемем: А.Байтұрсынов сияқты бүгінгі заманның ұстазы туралы телехикаяны көріп көңіл жиегім кеңіді, сол үшін ұстазыма рахметімді білдіремін. Жазба басында тірексөз ретінде қазақтың ғұлама ақыны Қ.Мырза Әліден бастаған едім. Енді шығармамды сол қазақтың ұлы ақыны Қ.Мырза Әлінің төмендегі сөздерімен аяқтасам деп отырмын. «Аз халықтың ұлына, ұлы болмай болмайды». Осы сөз нақ қазақ деген халық арасынан шыққан ұлы тұлға А.Байтұрсыновқа арналып айтылғандай.

**Әсет ӘЛІМБАЙҰЛЫ,**
**Филология институтының**
**2-курс студенті.**

АУДИТОРИЯ

**Абай университетінде «Дара» қорының қолдауымен инклюзивті білім берудің оқу-зерттеу зертханасының салтанатты ашылуы өтті.**

Еліміздің жетекші педагогикалық университетінің жаңа құрылымының мақсаты - инклюзивті және арнайы білім беру саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, студенттерді оқыту, жаңа формацияның мектеп мұғалімдерін, құзыретті, тәжірибеге бағытталған педагогикалық кадрларын даярлауда зертханалық ресурстар мен жаңа салалық технологияларды пайдалану.

Шараға ректор Дархан Біләлов, Қазақстан Республикасының арнайы және инклюзивті білім беру ұйымдарының басшылары, Алматы қаласы мен Алматы облысындағы арнайы және инклюзивті мектептер мен балабақшалардың директорлары, Педагогика және психология институтының басшылығы мен оқытушылары қатысты.

Д.Біләлов ерекше балалар мен олардың отбасыларын қолдау үшін инклюзивті білім берудің маңыздылығын атап өтті. «Әр баланың физикалық жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, эмоционалдық ерекшеліктеріне, жынысына және басқа да факторларына қарамастан, білім алу мүмкіндігі болуы керек. Мемлекеттің міндеті - бұл үшін барлық қажетті жағдайларды жасау, педагогикалық жоғары оқу орындарының

# ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫ



міндеті - ең алдымен мектептерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытатын жоғары кәсіби мамандармен қамтамасыз ету. Жаңа зертхананың ашылуы бұл бағыттағы жұмысты жандандырып, еліміздегі инклюзивті білім беруді дамытуға өз ықпалын тигізетініне сенімдімін», - деді ректор.

«Дара» қорының жетекшісі Гүлнар Досаева инклюзивті білім беруді дамыту өзі жетекшілік ететін ұйымның негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. «Біз мұғалімдерге, оқушыларға және олардың ата-аналарына инклюзивті білім беру кеңістігін аша отырып, Қазақстан Республикасының 50-ден астам мектебімен тығыз жұмыс жасаймыз. Балалардың оқуына және мұғалімдердің кәсіби жұмысына қолайлы жағдай жасау үшін біз жаңа білім беру технологияларын қолдануға тырысамыз», - деп атап өтті.

«Дара» қорымен ынтымақтастық аясында зертхананың тиімді жұмыс істеуі үшін оқытушыларды, студенттерді, магистранттарды, докторанттарды және практиктерді тарту жоспарлануда; еліміздің арнайы және жалпы білім беретін оқу орындарымен ынтымақтастықты дамыту; болашақ мұғалімдерді дуальды оқыту, сонымен қатар ЕБҚ бар балаларды диагностикалық зерттеу және оңалту.

Педагогика және психология институтының директоры Ғалия Абаева инклюзивті білім беру зертханасын дамыту тұжырымдамасына тоқталып, сурдопедагогика, олигофренопедагогика, тифлопедагогика, логопедия мамандары зертхананың бағыттарымен және мамандандыруға арналған құрал-жабдықтармен таныстырды.

Іс-шара барысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосу, инклюзивті жобалық ойлау шарттары, жүзеге асыру кезеңдері мен әдістері, елімізді арнайы педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету; Big Data технологиялары және оларды білім беру саласында қолдану; спорттық, шығармашылық және тәрбиелік қолдау дағдыларын дамыту мәселелері талқыланды. Сондай-ақ «Инклюзивті білім берудегі нейропсихологиялық әдістер», «ҚР арнайы педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі», «Big Data технологиялары және оларды білім беру саласында қолдану» тақырыптарында дәріс-сұхбаттар, «Инклюзивті дизайн-ойлау:іске асырудың кезеңдері мен әдістері», «ЕББ қажет ететін тұлғаларды жалпы білім беру кеңістігіне қосу шарттары» семинары өткізілді.

**Ақбаян АЯЗБЕКОВА,**
***ПжП институтының магистранты***

# БІЛІМ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
## ЖОБАЛАУДЫҢ ОЗЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

**Университетіміздің Институционалдық тиімділік кеңсесі мен Назарбаев Университеті өкілдері Абай университеті, ҚазҰҚПУ және Жұбанов университеті қызметкерлеріне «Академиялық бағдарламаларды әзірлеу» тақырыбында оқыту жүргізді. Өз университетінің тәжірибесін тарату шеңберіндегі кейбір аспектілер. Сабаққа біздің университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен докоранттары қатысты.**



Білім беру бағдарламаларын жобалаудың озық халықаралық тәсілдері мен қағидаттарын ескере отырып бағдарлама әзірленген. Спикерлер ретінде институционалдық тиімділік жөніндегі Бас директор Данкан Пристли, институционалдық тиімділік жөніндегі бас менеджер Айжан Мусина, академиялық сапаны арттыру жөніндегі үйлестіруші Әлия Сүлейменова, оқыту және білім беру бағдарламаларын аккредиттеу жөніндегі менеджер Эльмира Табылдиева сөз сөйледі.

Іс-шараға қатысушылар академиялық бағдарламаларды әзірлеудің тұжырымдамаларымен және тәсілдерімен танысты; интернационалдандыру және халықаралық бенчмаркинг; конструктивті келісу тәртібі, оқытудың мақсаттары мен нәтижелерін әзірлеу, оқу жетістіктерін бағалау. Сондай-ақ, білім беру сапасы, академиялық бағдарламаларды әзірлеу, институционалдық тиімділік және басқа да мәселелер талқыланды.

Ортақ стратегиялық мақсаттардың игілігі, білім беруді дамытуға қолдау көрсеткені және ықпал еткені үшін Nazarbayev University әріптестеріне алғысымызды білдіреміз.

***Өз тілшімізден***

**Жаратылыстану және география институтының ұйымдастыруымен Қапшағай қаласында «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында «Педагогикалық мамандықтар студенттері арасында жаратылыстану пәндері бойынша» ІІ Халықаралық студенттік олимпиада болып өтті.**



# СТУДЕНТТІК ОЛИМПИАДА

Олимпиаданың ашылу салтанатында университетіміздің академиялық мәселелер бойынша проректоры Мақтағали Бектемесов, Жаратылыстану және география институтының директоры Күләш Каймулдинова, «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының директоры Ләззат Джалаева сөз сөйледі.

Аталған олимпиадаға Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, Мукими атындағы Қоқанд мемлекеттік педагогикалық институты, Ош мемлекеттік педагогикалық университеті, Әндіжан мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттерінен жалпы 10 команда қатысты. Әр команда 3 студенттен құралған.



Олимпиада 4 кезеңнен тұрды. Бірінші кезең «Педагогика бізді біріктіреді» тақырыбында командалардың таныстырылымы, Екіншіші кезең педагогикаға қатысты тест тапсырмалары арқылы командаларды бағалау, Үшінші кезең бойынша Білім беру әдістемесіне сай тақырыптар бойынша көлемі 500 сөзден кем болмайтын эссе жазу және Төртінші кезең «Климаттың өзгеруі және тұрақты даму» тақырыбында кейс қорғау. Аталған іс-шарада студенттер өздерінің білімін, белсенділіктерін көрсетті.

Екі күнге созылған олимпиада нәтижесі бойынша Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің командасы жүлделі бірінші орынға ие болды. Екінші жүлделі орынды Абай атындағы ҚазҰПУ және Мәскеу қалалық педагогикалық университетінің командалары бөлісе, үшінші орын Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті және Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеттерінің командаларына бұйырды. Сонымен қатар, «Ең тату топ» номинациясы бойынша Ош мемлекеттік педагогикалық университеті, «Ең белсенді команда» номинациясы бойынша Әндіжан мемлекеттік университеті, «Ең білімді команда» номинациясы бойынша Мукими атындағы Қоқанд мемлекеттік педагогикалық институты және «Ең шығармашыл топ» номинациясы бойынша М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеттері марапатталды.

Командалар арасынан білімдерімен ерекшеленген үздік студенттер «Ең мықты химик» номинациясы бойынша Абраев Нұрқасым (Павлодар МПУ), «Ең мықты биолог» Тургунбоева Дилшода (Андижан МУ), «Ең мықты географ» Казакова Жылдыз (Ош МПУ), «Abai university көзайымы» Рохманинов Сергей (Мәскеу ҚПУ) марапатталды. Қатысушылар жүректеріне әріптестік пен достықтың өрнегін салып, білімдерімен алмасып, олимпиададан тамаша әсер алды деген ойдамыз.

**Н. МАНАПОВ,**
**ЖГИ тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ ЖАСА, ТАЛАПКЕР -2022!

# АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ - *ұтымды таңдау*



Филология және көптілді білім беру институты академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, профессор Н.Ильясованың басшылығымен Талдықорған қаласында, Алакөл және Кербұлақ аудандары білім беру мекемелерімен тиімді қарым-қатынасты дамыту мақсатында «Өз таңдауыңды жаса, талапкер-2022» атты 10-11 сынып оқушыларына мамандық таңдауда еңбек нарығына бейімдеуге арналған кәсіби бағдар беру форумы өтті. Форумға 800- ден аса түлектер мен ата-аналар, ұстаздар қатысты. Форумда түлектер қауымдасты-ғының директоры Б.Нұрбатыров «Ұлттық университте - ұтымды таңдау», Е.Молдасанов «Университеттің әлемдік нарықтағы орны», Р.Бақбергенова «Ұлы тұлғалар ізімен», А.Тамаев «Эссе, шағын әңгімелер жазу стилін қалыптастыру», Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Е.Қасенов «Әлеуметтік көмек», «Маман-дықтар әлемі», Қабылдау және рекрутинг кеңесінің маманы Л.Уразгалиева «ҰБТ» түлектерге арналған жеңілдіктер, шығармашылық емтихандар және коледж, магистратураға тапсырудың бағыт-бағдары таныстырылды, аталған тақырыптарда пікір алмасып, ҰБТ-2022 жаңалықтары, университеттегі әлуметтік көмек, әскери кафедра, «Абай сыйы халықаралық» олимпиядасы, студенттердің өмірі туралы ақпараттармен қатар, ата-аналар мен мектеп бітіруші түлектердің, ұстаздардың сұрақтарына жауаптар берілді. Университет түлегі , 30 жылдан астам еңбек өтілі бар С.Ыбыраев және А.Аманбаева сөз алып, өз университетімен, ұстаздарымен мақтанатынын айтып, мектеп бітіруші түлектерге бағыт-бағдар берді.

# МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫМЕН *онлайн-конференция*

**«Кәсіп - болашаққа бастар жол» кәсіби бағдар беру аясында Филология және көптілді білім беру институты шығыс филологиясы және аударма кафедрасының аға оқытушылары Ж.Елемесова, Г.Сатбайдың ұйымдастыруымен Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры А.Алдановпен және Түркістан облысы, Келес ауданы, №39 Л.Жолдасов атындағы ЖОББМ директоры Ұ. Нысанбаевамен ZOOM платформасында онлайн-конференция өтті.**

Аталған мектептердің 11 сынып оқушыларына Абай атындағы ҚазҰПУ жайлы жалпы мағлұматтар, сондай-ақ университет құрылымындағы Филология және көптілді білім беру институтының шығыс филологиясы және аударма кафедрасындағы мамандықтары туралы жан-жақты ақпараттар беріліп, мамандықтармен кеңінен таныстыру мақсатында презентация, бейнежазба түсірілімдері көрсетілді. Кездесуде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Кәсіби бағдар беру және білім алушыларды қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлы, шығыс филологиясы және аударма кафедрасының меңгерушісі проф. Қ.Абдрахманова, доцент Е.Молдасанов және аталған кафедраның аға оқытушылары Н.Шенгелбаева , К.Дуйсенова, Э.Қансейітова қатысты.

Университеттің жоғары оқу орындары арасындағы әлемдік нарықтағы орны мен халықаралық байланыстары туралы мәліметтер оқушылардың қызығушылықтарын арттырды. Мектеп оқушыларында қызығушылықтар тудырған аударма ісі, шығыс, шетел тілдері бойынша сауалдар, жалпы әлеуметтік жеңілдіктер және ҰБТ-да грант ұту мүмкіндіктері, жатақхана мәселесі сияқты қойылған сұрақтарға, кәсіби бағдар беру форум мүшелері жан-жақты жауап берді.

Қазақстанның екі өңірінен қатысып отырған мекеме басшылары Абай атындағы ҚазҰПУ-ға оқуға түсуге ниетті түлектердің жеткілікті екенін айтып, алынған ақпараттар басқа да орта мектептермен бөлісуге тұрарлық екенін түйіндеді.

# «БОС ОРЫНДАР» ЖӘРМЕҢКЕСІ – 2022

**Абай атындағы ҚазҰПУ-і «Мансап» орталығының ұйымдастырумен «Бос орындар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Ректор Дархан Біләлов жәрмеңкеге келген жұмыс берушілер мен студенттерді салтанатты іс-шарамен құттықтап, сөз сөйледі.**

Жәрмеңке барысында университет түлектерін жұмыспен қамтуға арналған «Beam career management ceanter» мобильдік қосымшасының тұсауы кесіліп, ынтымақтастық меморондумға қол қойылды. Сонымен қатар жылдағы дәстүрден ерекше болу үшін, түлектердің қарым-қабілетін көрсету мақсатында бітіруші түлектерге арнайы сөз беріліп, жұмыс берушілердің алдында өздерін көрсетуіне мүмкіндік берілді.



Сонымен қатар «Damu» зияткерлік мектебі, «BINOM SCHOOL» мектептер желісі, «NGS» жекеменшік мектептерінің өкілдері мектептерін таныстырып, бос жұмыс орындарын жас мамандарға ұсынды.

«Бос орындар» жәрмеңкесіне 62 мекеме қатысып, 300 бос орын ұсынды. Оған қоса бітіруші түлектерге республикамыздың түкпір-түкпірінен 1659 бос жұмыс орындары ұсынылды. Жәрмеңкеге келген барлық мекемелер бітіруші түлектермен ашық сұхбаттасып, өз кезегінде жұмысқа қабылдайтындықтары туралы мәлімдеді.

**“Мансап” орталығы**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

# СТУДЕНТТЕРІМІЗ – ЖЕҢІМПАЗ!

**Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінде ҚР ЖОО студенттері арасында Химия білім беру бағдарламалары бойынша XIV Республикалық пәндік олимпиада өтті. Олимпиадаға барлығы 14 команда қатысты.**



Университетіміздің атынан «Химия» мамандығы бойынша Жаратылыстану институтының 4 курс студенттері Әбдіғанбарова Гүлназ және Елемес Динара қатысты, команда жетекшісі, доцент Мейірманова Айманкүл.

Бәсеке екі турдан тұрды: Бірінші - күрделілігі жоғары дәрежедегі есептеу есептерін шешу; Екінші -педагогика, психология, химияны оқыту әдістемесі курстары бойынша тест тапсырмалары. Екі турдың қорытындысы бойынша біздің университетің студенттері командалық сайыста жүлделі екінші орынға ие болып, ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал, жеке бәсекеде Әбдіғанбарова Гүлназ ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.

XIV Республикалық студенттік олимпиаданың жеңімпаздарын құттықтаймыз. Бұл жоғары нәтиже - ҚазҰПУ жаратылыстану және география институтының жоғары білікті педагогикалық кадрлар даярлауының айғағы деп білеміз.

ӘЗІЛ

Ақылды адамдар мен даналарды қалай ажыратамыз?
Ақылды адамдар дегеніміз – өз білімінің күшімен ақша табатындар, ал ақылдыларға жұмыс беріп отырған – даналар.

# МЕКТЕП ҰЖЫМДАРЫМЕН *жүздесті*

Болашақ талапкерлерге кәсіби бағдар беру аясында Математика, физика және информатика институты директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Хамраев, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Мұхашев, Ғылыми-инновациялық парктің STEM технологиялар зертханасының директоры Қ.Сейдуәлі, физика кафедрасының оқытушысы М.Мырзатай және оқу шебері Б.Камал ұйымдастыруымен Абай атындағы Алматы облыстық гимназия-интернатының мұғалімдері Ж.Жандыкеева, ЖАбдулаева, А.Рауан және 10,11-сыныптан келген жалпы саны 21 оқушымен кездесу өткен болатын.

Кездесу барысында оқушылардың кәсіпке қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында Физика зертханалары, STEM парктің зертханаларымен және институтымыздың кітапханасымен таныстырып өтті.

Зертханаларды көріп, танысу барысында оқушылардың қызығушылықтары артып, Абай атындағы ҚазҰПУ-ға оқуға түсуге ниетті және сондай-ақ, алынған ақпараттарды басқа да мектеп оқушыларымен бөлісуге тұрарлық екенін жарыса жеткізді.

**Ж. МҰҚАШЕВ,**
**Е. МОЛДАСАНОВ**

ABAI UNIVERSITY
МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор
Болат ШАРАХЫМБАЙ
Көркемдеуші-дизайнер
Нұрбол ЖЕТІГЕНОВ
Ақерке ЫСҚАҚ
фототілші
Серік ИМАНҚҰЛОВ

Редакцияның мекен-жайы:050010
Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме.
Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56
Газет бүкіл республикаға тарайды.

Тапсырыс № 217
Индекс 65285
Таралымы 1000
●Авторлың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.

«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды
Баспа директоры
Таңат ӘЛИАСҚАРОВ
Баспаның мекен-жайы:
050010
Алматы қаласы,
Қазыбек би көшесі, 30 - үй.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 ж. тіркеліп, тіркеу туралы №9874 -Г куәлігі берілген